



Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына разрядты жүктерді транзиттеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 маусымдағы N 552

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына :

"Нитро-Взрыв" акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы) мен Науаи тау-кен-металлургия комбинаты (Науаи қаласы) арасында жасалған 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 08/98-НВ келісім-шартқа сәйкес Алмалық тау-кен-металлургия комбинатына ;

"Нитро-Взрыв" акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы) мен Алмалық тау-кен-металлургия комбинаты (Алмалық қаласы) арасында жасалған 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 16/98-НВ келісім-шартқа сәйкес Алмалық тау-кен-металлургия комбинатына разрядты жүктерді транзиттеуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігі Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімге сәйкес жүктің Қазақстан аумағы арқылы өтуіне қауіпсіздік пен бақылаудың ерекше шараларын қамтамасыз ете отырып, тасымалды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті транзитті тасымалдауға заңдарда белгіленген тәртіппен бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК